

Д.Д.БАЙДАЛИЕВ*¹, А.Қ.ДҮЙСЕНБАЕВ¹, А.Т.АҚЖОЛОВА¹¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)**XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНА ДЕЙІНГІ ӘУЛИЕАТА ӨҢІРІНДЕГІ
ОҚУ- ТӘРБИЕ ІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ***Аңдатпа*

Мақала педагогика ғылымының өзекті саласы ретінде педагогика тарихы мәселелеріне арналған. Әулиеата өңірі ерте дәуірлерден – ақтағалымды мәдениетімен, тарихи сәулет ескерткіштерімен көпшілікті таңдандыруымен бірге өнер-білім ордасы ретінде танылған. Бұл өңірде оқу – білім мен ғылымның пайда болып, даму тарихы да өзінің ілкі бастауларын тереңнен алады. Мақалада Әулиеата өңіріндегі оқу-тәрбие үрдісінің қалыптасуының алғышарттарының негізгі аспектілері жан-жақты қарастырылған. Сонымен бірге оқу-тәрбие ісінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Әулиеата өңіріндегі білім мен тәрбиелеудегі діни ағартушылық бағыттар, олардың ерекшеліктері негізделген. Әулиеата өңірінен шыққан алғашқы білім беру ісіндегі есімдері көп айтыла бермейтін ағартушы ғұламалар сондай-ақ олардың ұстанымдарының негізгі ерекшеліктері әр түрлі ғылыми дереккөздер арқылы сипатталған. Кеңес үкіметі орнағанға дейін белең алған мұсылмандық білім беру жүйесі өз кезегінде ұзақ даму жолынан өткен, әрі бұл оқу-тәрбие үрдісінің негізі болғандығы туралы мәліметтер ғылыми негізде талданған.

Түйін сөздер: Тараз, өлке, тарих, медреселер, мен мешіттер, ислами білім, араб, оқу-тәрбие ісі, білім беру, оқу орындары, ғылым, мәдениет, мектептер, ойшылдар, ұстаз, дәріс, сауат ашу.

Кіріспе. Қазақ халқының арғы – ата бабалары саналған, күллі түркілердің алтын бесігі әрі, алғашқы хандық құрылған Әулиеата өңірі ерте кездерден бастап-ақ өзге елдің саяхатшылары мен жиһангездері жиі келетін аймаққа айналған. Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, шығыс пен батысты байланыстырып жатқан осы өңір тек сауда мен саттықтың ордасы ғана емес сонымен бірге оқу мен білімнің, ғылымның ордасы болғандығы жасырын емес. Ежелгі кезде осы өңір парсы деректерінде іргесіндегі ағып жатқан Талас өзеннің атауына сәйкес Тараз аталған.

Дегенмен XVIII ғасырда Тараз аумағы Әулиеата деп аталып кеткен. Бұлайша аталуына да себеп жоқ емес. Себебі қала орталығында Қарахан, Дәуітбек әулиенің бейіті орналасқандығымен байланыстырады. Бірақ осы өлкені біршама уақыттар бойы зерттеген С.Қалиев өз деректерінде Абылай хан батыр Мәмбетпен бірігіп, Талас өзенінің бойындағы Моңғол шапқыншылығынан қираған бұрынғы Тараз қаласының орнына қарақалпақ халықтарын әкеліп, қайтадан

қаланың іргетасын қалап, Әулиеата аталып кеткендігін жазады [1, Б.51].

Әулиеата өңірін зерттеумен айналысып жүрген С.Құлбарақ, Т.Мұқашев: «Әулиеата жері әлемге Қараханидтер дәуірінде танылды. Сол кезде осы өңір басқа мекендерге ислам дінін тарату орталығына айналғанын ғалымдар дәлелдеуде. Қараханидтер дәуірінен бастау алған ғылым мен мәдениет ұзақ жылдар бойы жалғасты. Атақ-даңқы дәуірлеп тұрған қалаға білім іздеп келген ғұламалар ұзақ уақыт мекен еткен. Соның нәтижесінде Әулиеата мен оның айналасындағы қалалардан аты әлемге әйгілі болған ғалымдар мен шайырлар шығып, білім мен ғылымды мейлінше дамытты» – деп сипаттама берген [2, Б.137].

Бұл зерттеудің мақсаты XX ғасырдың басына дейінгі Әулиеата өңіріндегі оқу-тәрбие жұмыстарын жүзеге асырған орталықтар, ондағы білім беру жүйесінің ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздей отырып, негізгі мәселелеріне сипаттама беру болып табылады.

Негізгі бөлім. Бүгінгідей жаһандық бәсекелестік дәуірінде өткен тарихымызды қайта жаңғырту, мәдениетіміз бен қайталанбас сәулет ескерткіштерімізді бүткіл әлемге танытумен бірге қазақ жерінен шыққан зиялылар мен ағартушылардың, ғалымдардың ерен қызметі мен еңбектерін қайта бағамдау кезек күттірмес мәселелердің қатарында. Жалпы қазақ жерінде педагогикалық ой-пікірлердің қалыптасуына сонымен бірге алғаш ашылған мектептер мен онда шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан, ғалымдар көптеп саналады. Сондықтан да белгілі – бір өңірлердегі оқу-ағарту ісінің ерекшелігі, барысы туралы негіздеу, қазіргі кезде өзектілікке ие өлкетану, педагогика тарихы салаларына зор үлес қосатыны сөзсіз.

Зерттеудің әдіснамасы. Әулиеата өңіріндегі оқу-тәрбие ісінің ерекшелігінің ғылыми-әдіснамалық негіздері тарих, фиолсофия, этнография, этнопедагогика, этнопсихология ғылымдарының қағидаларына сәйкес зерделенеді.

Әдеби шолу. Жалпы педагогика тарихының тәрбиелік мүмкіндіктері өте жоғары. Себебі осының негізінде білім алушылардың ой-өрісі дамиды, терең әрі жан-жақты талдауға, педагогикалық тұжырымдамаларды өз қажетіне сай пайдалануға үйренеді. Жалпы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де педагогика тарихына байланысты көптеген ғылыми еңбектер жарыққа шыққан болатын. Елімізде Кеңес үкіметі тұсында педагогика тарихына және осы бағыттағы ой-пікірлердің, оқу-ағарту саласы мәселелерін зерттеуге Т.Тәжібаев [3], Ә.Сембаев [4], Ә.Сыдықов [5] сынды ғалымдарымыз еңбек етті.

Қ.Бөлеев Қазақ жерінде туылған тарихи тұлғалардың педагогикалық мұралары мен осы салаға қосқан үлесін ғылыми негізде тұжырымдап берген [6]. Білім негізі бастауышта қаланатынын ескерсек және біздің зерттеу кезеңдерінде де оқу-ағарту алдымен алфавитті меңгерту баланың дүниетанымын қалыптастырумен байланысты болғанын ескерсек, Қ.Т.Ыбыраимжанов Қазақстандағы бастауыш білім берудің тарихын зерттеуге мол үлес қосты [7]. Ал Х.Табылдиев Кеңес

дәуіріндегі сауатсыздықпен күрес мәселесін әр түрлі архивтік дерек көздер арқылы ғылыми негіздеп берген болатын [8].

Әдістер. Мақаланы жазу барысында салыстыру, талдау әдістері пайдаланылды, сонымен бірге логикалық түйсінуге жол беріліп, синтездік әдістер жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында: «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. ... Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» - деп көрсеткен болатын [9].

Осы орайда жергілікті жердің, аймақтың белгілі бір кезеңдегі өткенін, негізгі ерекшеліктерін білу қазіргі басқа да ғылыми салаларымен бірге педагогика тарихында да өзіндік ерекшелікке ие. Себебі педагогика тарихы негізінде жеткіншектер, болашақ мұғалімдер педагогика ғылым саласының өзіндік мол мұраларымен, құнды қазыналарымен танысуға мүмкіндік алады. Әр түрлі кезеңдердегі білім беру мен тәрбиелеу ісіне терең бойлай алады. Сонымен бірге сол кезеңдердегі оқу-тәрбие ісінің дамуына үлес қосқан педагогтар мен ағартушылар, халықтық педагогика үлгілерін терең меңгереді. Ең бастысы қазіргі білім беру жүйесімен салыстырмалы талдауларға машықтанады.

Ғылыми білімдер жүйесі қалыптаса бастаған кезеңде, тек Әулиеата жерінде ғана емес, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан маңызды қалалар мен шаһарларда VI-XII ғасырларда мұсылманша діни білім беретін алғашқы бастауыш медреселер (алғашқы мектептер) жұмыс істеген болатын.

Сол дәуірдің өзінде Отырар шаһарында туылып, күллі түркі жұртшылығына

танылған әл-Фараби, Яссы өңірінде өмірге келген Қожа Ахмет Яссауи және тағы да басқа ойшылдарымыз жастарды үнемі өнер мен білімге, ғылымды тануға үндеп отырған [10, 122-б.].

Тақырыптың теориялық негізінде Әулиеата өңіріндегі ХХ ғасырдың басына дейінгі оқу-ағарту саласындағы ерекшеліктер, оның педагогика тарихындағы маңызы ерекше екендігі дау туғызбайды.

Нәтижелер. ХХ ғасырдың басына дейінгі яғни қазақ жерінде кеңес үкіметі орнағанға дейінгі кезеңдерде мұсылмандық оқыту жүйесі кең етек алды. Балаларды арнайы діни сауаты бар ұстаздар тәрбиелеп, араб алфавитін меңгерту ісі жақсы жолға қойылды. Ауқатты отбасының балалары ары қарайғы білімдерін түрлі мұсылман елдерінде одан әрі дамытты.

Сонымен орта ғасырлардан бастау алған оқыту жүйесі ең алдымен араб алфавитін танытып, жастардың дүниетанымын кеңейтуге негіз қалаған.

Әл-Фараби мен Абайға дейінгі педагогикалық жүйелерінде тәрбиементәлім, білім мәселелері бірін-бірі толықтырушы, ажырамас, диалектикалық бірлікте және олар адамзат қауымдастығымен қабыстырыла қарастырылады. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді [11, 231-б].

Ерте орта ғасырларда, соның ішінде Әулиеата аймағында 775 жылы Қарлұқ мемлекеті өз үстемдігін құрғандығы тарихымыздан белгілі. Осы уақытта алғаш рет ислам дініне мойынсынумен бірге маңызды қалалар мен елді-мекендерде мешіттер бой көтеріп оның жанынан мұсылманша оқытатын медреселердің де негізі қаланды. Бірақ халықтың барлығы бірдей ислам дінінде болмағандықтан, кейінгі археологиялық қазба жұмыстары кезінде осы уақытқа тән Тараз қаласының қазіргі орталығынан тек бір ғана мешітпен жапсарлас салынған медресе орны анықталды. Сонымен бірге қазіргі Тараз қаласынан шығысқа қарай автомобиль жолынан жиырма шақырымдай оңтүстікте жатқан Ақыртас атты керуен сарай орнында да осы уақытқа

тән білім беру ісі жақсы дамығандығы, қазба жұмыстары кезінде анықтап отыр.

Орта ғасырларда осы өңірді аралап шыққан, араб жиһангезі, әрі жылнамашы Якут ад-Дин әл-Руми «Мухжам әл Булдан» атты шығармасында Тараз өңірі тек сауда мен саттықтың, тауар айырбасының орталығы ғана емес, осында көзді тартар мешіттердің бар екенін айта келе, осы жерде күллі аймақтың білімдары саналған Махмуд ибн ат-Тарази білім алып, ғылым жолына ден қойып, соның негізінде балаларға мұсылманша білім үйреткенін жазып кеткен болатын. Өкінішке қарай исламтанушы ғалым Ә.Дербісәлі де осы ғалым туралы біршама жазып, жоғарыдағы деректерді растағанымен, оның шығармашылығы туралы еңбектер тым мардымсыз [12, Б.155].

Якут ад-Дин әл-Руми деректеріне қарағанда Махмуд ибн ат-Тарази өз заманында білімділігі үшін данышпан аталған және құран сүрлері мен аяттарын нақышына келтіріп орындаушы және оны балаларға үйретуші деп көрсеткен. Сонымен бірге бұл ғалым тек балаларға араб алфавитін үйретіп қана қоймай, алдыңғы өткен танымал ұстаздар туралы кітап та жазып, оны балаларды оқыту ісінде пайдаланғаны айтылады.

Аталмыш деректерге назар салып қарасақ, Махмуд ибн ат-Тарази өзінің алғашқы білімін осы Тараз жерінде медреседен алған және ғылым мен өнер, тіл туралы еңбектер жазған болып шығады. Сонымен Әулиеата жеріне ислам дінінің енуімен байланысты, түркілер дәуірінен басталған сына (руна) жазуын ығыстырып шығарды деп топшылауымызға толықтай негіз бар.

Бір қызығы Якут ад-Дин әл-Руми өзінің осы ғұламадан арнайы дәріс сындырып, сүйікті шәкірттерінің бірі болғандығын жаза келе, сол жерден араб алфавитін толықтай оқып, құран сүрелерін меңгергенін де алға тартады.

Осы мәліметтерге қарай отырып, Әулиеата аумағы білім мен ғылымның аса маңызды орталықтарының бірі болғандығын аңғарамыз [12, Б.5].

Өкінішке орай қазіргі ғылыми деректерде есімі көп айтыла бермейтін әрі

Әулиеата жерінде оқу-тәрбие ісіне сүбелі үлес қосқандардың арасында Хибадуллах бин Ахмед әл Тарази де болғандығын көбіміз біле бермейміз. Деректерге назар аударсақ, ғұламаның балалық шағы Тараз жерінде өтіп, бала кезінен осы жердегі медреселердің бірінен тәлім алған. Одан кейін өзінің білімін одан әрі дамыту мақсатында қазіргі Түркістан жеріне одан кейін Шам және Египет қалаларында ғылым жолына түседі. Олай деп айтуымызға негіз де жоқ емес. Ғұламаның өмір жолын зерттеген Ә.Дербісәлі біршама уақыт Египет қаласындағы медреседе балаларға білім бергенін алға тартады.

Хибадуллах бин Ахмед әл Тарази Египет қаласында медресенің басшысы қызметін тастап, туған жерге келіп балаларды оқытқанын айтылады. Ғұлама ұстаздық қызметпен бірге заң саласында және шебер аудармашы ретінде де көптеген еңбектер жазып кеткен екен. Өкініштісі сол ол еңбектердің аты аталғанымен, ол туралы деректер уақыт төзімен жоғалып кеткен.

Әулиеата жерінде ХІХ ғасырдың ортасында өз қаражатына медресе ашып, бала тәрбиелеген ұстаздардың қатарында Әбу Әли Мубашар әл Тарази де болған еді. Ағартушы, қайраткер өз білімін алғаш рет Тараз қаласындағы медреседе алып, Ташкент қаласында білімін одан әрі жалғастырған. Кеңес үкіметі қарулы күшпен орнаған тұста, оны құрушылар бұрынғы оқу-тәрбие ісіне қысым жасағанын тарихтан білеміз. Осы жағдайларға наразы болған ғұлама мейлінше медреселердегі оқу ісін сақтап қалуға тырысып, саяси жүйеге қарсы шыққан болатын. Алайда құрығы ұзын белсенділер оны қыспаққа ала бергеннен кейін, ол ұстаздық қызметін тастап, ауған жеріне қоныс аударды.

Әбу Әли Мубашар әл Тарази ауған жерінде де елімізден келген қандастарды оқыта отырып, тәрбие, ағарту саласына байланысты көптеген еңбектер жазған. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында ғұламаның сол Ауғанстан, Египет архивтерінде жатқан мұраларының кейбірі елге қайтарылды.

Ортағасырларда Әулиеата өңірінде бала тәрбиелеу ісіне мейлінше зор үлес қосқандар қатарында Әбу Карим әл Саманидің есімін айтпай кетуге болмайды. Бұл ғұлама да өз қаражатына медресе ашып, бала тәрбиелеу ісіне қомақты үлес қосқан. Ол араб алфавитін жетік білуімен бірге, ислам шарттарын жетік меңгерген болатын. Сондықтан да ғұламадан білім алу үшін батысы Түркістан, шығысында Алматы жақтан шәкірттер келіп білім алатын болған. Ол шәкірттерінің білімін арттыру үшін бірнеше рет Таяу Шығыс елдеріне барып, сол жақтан арнайы кітаптар алып келіп, балаларды оқыту ісінде пайдаланған. Сонымен бірге өзінің ұстаздық тәжірибесіне арқа сүйеп, тәрбие саласына қатысты еңбектер жазып кеткен.

Әулиеата өңіріне қарасты қазіргі Шу өзенінің бойындағы Баласағұн (қазіргі Ақтөбе қалашығы) өлкесінен шыққан Жүсіп Баласағұн ХІ ғасырдың өзінде «Құтты білік» атты еңбегінде жастарды адамгершілікке шақырды. Жалпы, адам бойында кездесетін жақсылық пен әдеп, ұят пен ар, намыс, шындық пен сенім, жолдастық пен достық, ата-анасын, үлкенді сыйлау, тағы да басқа қасиеттер туралы Баласағұнның өсиет сөздері өте көп.

Бүгінгі таңда педагогика ғылымының саласында имандылық – діни тәрбие беру мәселесі жөнінде мәселелер айттылып жатқанымен, бұның теориялық негіздемелері осы уақытқа дейін жүйеге келтірілген түрде қалыптаса қойған жоқ. Осы орайда имандылық ар – ождан жөніндегі тәрбиенің теориялық аспектілерін негіздеп, оқушыларды имандылық пен адамгершілікке тәрбиелеудің практикалық әдістемелерін анықтау – қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің қатарында.

Жүсіп Баласағұн сол заманның өзінде адам бойындағы имандылық пен ар – ождан, жаупкершілік, адамгершілік ерекше шеберлікпен тұжырымдап берген еді. Ғұламаның педагогикалық көзқарастарына назар аударсақ, имандылық ұғымы, діни идеологиялық тар шеңберден шығып, бүкіл халықтық тәлім-тәрбие мазмұнына ие болған болатын. Ал, осы жерде

Жүсіп Баласағұнның педагогикалық көзқарастарына тоқталуымыз тегіннен – тегін емес. Себебі Әулиеата өңіріне қарасты қалада туылған тұлғаның әрбір айтылған сөздері білім алуға, ғылымды тануға үндеп отырған.

Еліміздегі ислами оқу орындарында діни – рухани, ғылыми – мәдени шамшырақтарымыз, ислам мәдениетінің үлкен қайраткерлері: фарабилер – Отырар, исфиджаби – сайрамылдер – Сайрам; баласағұнилер – Баласағұн, таразилер – Тараз медреселерінде білім алып, сауат ашқаны еш күмән тудырмайды [13, 6-б.].

XVII ғасырда өмір сүрген тарихшы әрі жылнамашы Махмұд Ибн Валидің жазба деректеріне қарағанда X-XI ғасырларда Баласағұн қаласында қырықтан аса мешіт және оннан аса балалардың діни білімін қалыптастыратын медресе болғандығын жазып кеткен. Бұл деректерді дінтанушы ғалым Ә.Дербісәлі де нақтылай түскен болатын.

Сөз жоқ, X ғасырда Қарахан мемлекетінде негізгі дін - ислам деп танылғандықтан, көптеген көпшілік мешіттер бой көтеріп, олардың қасынан білім беретін медресе орталықтары да бой көтерген. Алғашқы кездері медреседе балаларға дәріс беретін ұстаздардың да тапшылығы да сезілген болатын. Сонымен бірге Әулиеата өңірінде ислам дінінің қанат жаюуымен байланысты сол кезеңде араб алфавитін де оқыту басталғаны айтпаса да түсінікті болатын. Осы орайда сол кезеңдердің өзінде балаларға мұсылман өркениетінің негізінде рухани тәрбие мәселесі жолға қойылған болатын.

С.Ж. Рамазанов осы орайда рухани адамгершілік, адами құндылық мәселесінің оқу-тәрбие үрдісінде қалыптасу кезеңдерін зерделей келе, антикалық және орта ғасырлар кезеңіндегі құндылықтар; екінші, түркілер дәуірінен бастау алып жатқан құндылықтар сонымен бірге ой-пікірлер, Үшінші жаңа замандардағы құндылық ұстанымдар. Ал, төртіншіден, XX ғасырдан қазіргі кейінгі кезең деп сипаттаған [14, Б.36].

Баласағұн қаласында балаларды оқытып – тәрбиелеу ісіне үлес қосқан ұстаздар қатарында Әбу Абдоллаһ Мұхаммед әл –

Баласағұни туралы аздаған мәліметтер де сақталған.

Ортағасырларда Баласағұн қаласында өмір сүрген мұсылмандық білім беру ісіне зор үлес қосқандар қатарында Аюб ибн Ахмед әл-Баласағұн жөніде Ә.Дербісәліев жазып, оның ұстаздық шеберлігіне тоқталған болатын. Ол өз заманының ұлы ұстазы болуымен бірге түркі жұртына танымал, ойшыл Жамал Қаршидің де алғашқы сауатын ашып, өнер, білімге тәрбиелеген екен.

Жамал Қарши Аюб ибн Ахмед әл-Баласағұниды теңдессіз қорғанына теңеп, ұстазым, ислам дінінің нағыз білгірі ретінде сипаттап, одан алған тәлімін өзінің ғылыми шығармашылығында темірқазық еткенін жазып кеткен екен.

Талдау. XX ғасырдың басына дейінгі яғни Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі медресе жағдайында балаларға берілетін білім «Әптиек» яғни негізгі баламасы құранның жетіден бір бөлігі сонымен бірге «Шариғат – ұл – иман» мұсылмандылық ережелерін жүйелі түрде оқытқан. Жоғарыда аталған мәліметтерге сүйенер болсақ, ауқатты отбасылар өз балаларын көршілес Ташкент, Самарқанд тіпті Таяу Шығыс, Египет елдеріне жіберіп отырғандығын аңғарамыз. Сонымен бірге жергілікті медреселер оқу бөлімдеріне сай құжыра, кархана, дәрісхана деп бөлінетін болған. Балалардың қосымша білімдерін дамыту үшін медресе ішінен арнайы араб тілінде жазылған кітаптар сақталды. Сол араб тілінде беретін ұстаздар да «абыз», «молда», «мударис» – деп бөлінетін болған.

Сонымен бірге медреселердегі білім беру жүйесі де 4 сатыдан тұратын болған. Олардың *біріншісі* – бастауыш саты. Ондағы білім беру ісі төрт жылға дейін созылатын болған. Одан кейінгі саты – *«рушадия»* яғни негізгі білім бұл да үш немесе төрт жылға созылатын болған. Одан кейінгі *«игдадия»* мен *«ғалия»* – жоғары білім беруді қамтамасыз еткен. Оның әр қайсысын үш жылдан оқытын болған. Ал *«ғалияны»* тәмамдаған оқушыларға *«молда»* атағы берілетін болған.

Сонымен бірге XX ғасырдың басына дейінгі қазақ жеріндегі оқу-ағарту жүйесінде

жеткіншек жастағы балаларды белігілі бір кәсіп түрлеріне баулу мәселесі де шешімін тапқан болатын. Г.М. Мусина өз еңбегінде жастарға кәсіптік білім беру, оқыту саласында қолөнер шеберліктерін нығайту ісі Қазақ жерінде тұңғыш рет жүйелі түрде ХІХ ғасырда пайда болғандығын аударды. Оның пікірінше, сол кездегі оқытушылар, зиялы қауым өкілдері ең бірінші адамның толыққанды қалыптасуына негіз қалайтын, ой – өрісінің дамуына қажетті дағдылар мен біліктердің негізін құрайтын еңбексүйгіштік тәрбиесіне аса назар аударған болатын [15, Б.42].

Мысалыға көрнекті ағартушы Ы.Алтынсариннің бастауымен 1822 жылы Торғай өңірінде қолөнер мектебі ашылған болатын. Осындай қолөнерге тәрбиелеу ісі Әулиеата жерінде де жақсы дамыған.

Қорытынды. Қазіргі кезде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты әр түрлі салаларда ілгерілеу жұмыстары жүргізіліп отырғандығы белгілі. Сонымен бірге оқу-ағарту саласында да педагогика ғылымының даму тарихын білу, осы сала бойынша еңбек еткен тұлғалар

туралы білу, салыстыру өзекті болып отыр. Себебі педагогика тарихының әдіснамалық негіздерін терең меңгеру, әр кезеңдегі оқу-тәрбие ісіндегі ағартушылар мен олардың ой-пікірлері мен қызметін, ұстанымдарын білу ғылымды терең меңгеруге ықпал етеді. Қазіргі таңда білім алушыға тек заман ағымына сай жаңартылған білімді меңгерту ғана емес, сол жолға негіз қалаған ғылымның ұзақ уақыттар бойы даму бағытын, негізгі тұжырымдары мен заңдылықтарын толық танып білу педагогикада алған білімдерін тәжірибеде тиімді жүзеге асыруға негіз қалайды.

Сонымен Әулиеата өңіріндегі ХХ ғасырдың басына дейінгі оқу - ағарту саласы ұзақ даму жолынан өтті. Қазақ жеріне ислам дінінің енуімен байланысты медреселерде тәрбиелеу ісі жолға қойылды. Осы жолда талай ғұламалардың есімдері педагогика тарихында сақталып қалған. Олардың мұраларын қайта жаңғырту, негізгі идеялары мен ұстанымдарын заман ағымына сай пайдалану білім алушылардың танымын арттырып, жаңаша ойлауға негіз қалайтыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Қалиев С. Ортағасырлық қалалар мен елді мекендер мәдениеті мен өнері. – Тараз: 7Su-Companу, 2019. – 290 б.
- [2] Құлбарақ С., Мұқашев Т. Әулиеата өңірінің ғұламалары мен ғалымдары. – Алматы: Тоғанай-Т, 2019. – 320 б.
- [3] Жарықбаев Қ.Б. Т.Т. Тәжібаевтың педагогикалық мұралары //Академик Т. Тәжібаев және қазіргі педагогика ғылымы: Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 2019. – 5-9 бб.
- [4] Токқұлов Г. Әбдіхамит Сембаев – тарихи тұлға: (ағартушы, көрнекті ғалым Сембаев Әбдіхамит Ібінияұлы жайлы) //Қазақстан мектебі. – 2018. – №7. – 28-30 бб.
- [5] Ыбырайым Ә.О., Байдалиев Д.Д. Әулиеата өңіріндегі оқу-ағарту жүйесінің дамуы //Торайғыров университеті хабаршысы. Педагогикалық серия. 2020. – №4. – 589-599 бб.
- [6] Бөлеев Қ. Қазақ тарихи тұлғаларының педагогикасы. – Тараз: ТИГУ, 2020. – 257 б.
- [7] Ыбыраимжанов Қ.Т. Қазақстандағы бастауыш білім берудің тарихы. //Хрестоматия. – Алматы: Эпиграф, 2018. – 328 б.
- [8] Табылдиев Х.Ш. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 334 б.
- [9] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру [https:// www.akorda.kz/kz/ events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) //2017, – 12 сәуір (өтінім берілген күн 5.12.2021).
- [10] Жандарбек З. Қ.А.Ясауидің Түркі халықтарының тарихи тағдырындағы рөлі. //Қожа Ахмет Ясауидің 850 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция. – Алматы, 2017. – 121-132 бб.

[11] Балықбаев Т.О., Бидайбеков Е.Ы. Әл-фараби мен Абайдың ғылыми-педагогикалық сабақтастығы //Педагогика және психология 2020. – №4(45). – 229-237 бб. //https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/47/98 (өтінім берілген күн 5.12.2021).

[12] Дербісәлі Ә. Қазақстанның мешіттері мен медреселері. – Алматы: Аруна, 2017. – 496 б.

[13] Бердишева А.О., Амангельдиева С. Ислам және білім мен ғылым //Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы. – 2017. – №29. – 5-9 бб.

[14] Рамазанов С.Ж., Юджел Гелешли. Рухани құндылықтарды оқу-тәрбие үрдісінде қалыптастыру негіздерінің зерттелу тарихнамасы //Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2019. – №3 (63). – 34-40 бб. //http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20191209031352.pdf (өтінім берілген күн 5.12.2021).

[15] Мусина Г.М. Педагогика теориясы мен практикасындағы кәсіптік бағдар мәселесі // Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. 2018. – №3(59). – 40-44 бб. //http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20190529124013.pdf (өтінім берілген күн 5.12.2021).

References

[1] Kaliev S. Ortagasyrlyk kalalar men eldimekender madenieti men oneri. –Taraz: 7Su-Company, 2019. – 290 b.

[2] Kulbarak S., Mukashev T. Aulieata onirinin gulamalary men galymdary. – Almaty: Toganaj-T, 2019. – 320 b.

[3] Zharykbaev K.B. T.T. Tazhibaevtyн pedagogikalyk muralary //Akademik T. Tazhibaev zhane kazirgi pedagogika gylmy: Respublikalyk gylmy-adistemelik konferenciya. - Almaty, 2019. – 5-9 bb.

[4] Tokkulov G. Abdiamit Sembaev – tarihi tulga: (agartushy, kornekti galym Sembaev Abdiamit Ibiniyauly zhajly) //Kazakstan mektebi. – 2018. – №7. – 28-30 bb.

[5] Ybyrajym A.O., Bajdaliev D.D. Aulieata onirindegi oku-agartu zhyjesinin damuy //Torajgyrov universiteti habarshysy. Pedagogikalyk seriya. – 2020. – №4. – 589-599 bb.

[6] Boleev K. Kazak tarihi tulgalarynyn pedagogikasy. –Taraz: TIGU, 2020. – 257 b.

[7] Ybyraimzhanov K.T. Kazakstandagy bastauysh bilim berudin tarihy //Hrestomatiya. – Almaty: Epigraf, 2018. – 328 b.

[8] Tabyldiev H.Sh. Onegeli omir. – Almaty: Kazak universiteti, 2020. – 334 b.

[9] Nazarbaev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy// 2017, -12 sauir (otinin berilgen kuni 5.12.2021).

[10] Zhandarbek Z. K.A.Yasauidin Tyrki halyktarynyn tarihi tagdyryndagy roli //Kozha Ahmet Yasauidyң 850 zhyldygyna arналган gylmy-praktikalyk konferenciya. – Almaty, 2017. – 121-132 bb.

[11] Balykbaev T.O., Bidajbekov E.Y. Әл-Farabi мен Abajdyn gylmy-praktikalyk sabaktastygy //Pedagogika zhәne psihologiya. – 2020. – №4(45).– 229-237 bb //https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/47/98 (otinin berilgen kuni 5.12.2021).

[12] Derbisali A. Kazakstannyn meshitteri men medreseleri. – Almaty: Aruna, 2017. – 496 b.

[13] Berdisheva A.O., Amangel'dieva S. Iclam zhane bilim men gylm //Taraz memlekettik pedagogikalyk institutynyn habarshysy. – 2017. – №29. – 5-9 bb.

[14] Ramazanov S. Zh., Yudzhel Geleshli. Ruhani kundulyktardy oku-tarbie yrdisinde kalyptastyru negizderinin zerttelu tarihnamasy //Abaj atyndagy Kazak ulattyk universitetinin Habarshysy. Pedagogikalyk gylmydar seriyasy. – 2019. – №3(63). – 34-40 bb. //http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20191209031352.pdf (otinin berilgen kuni 5.12.2021).

[15] Musina G.M. Pedagogika teoriyasy men praktikasyndagy kasiptik bagdar maselesi //Abaj atyndagy Kazak ulattyk universitetinin Habarshysy. Pedagogikalyk gylmydar seriyasy. –2018. – №3 (59). – 40-44 bb. //http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20190529124013.pdf (otinin berilgen kuni 5.12.2021).

**Особенности учебно-воспитательной работы в Аулиеатинском регионе
до начала XX века**

Д.Д. Байдалиев¹, А.К. Дуйсенбаев¹, А.Т. Акжолова¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)*

Аннотация

Статья посвящена истории педагогики как актуальной отрасли педагогической науки. Регион Аулие-Ата с ранних эпох впечатляет своей культурой, памятниками исторической архитектуры, а так же известен как центр искусства и образования. В этом регионе развитие образования и науки берет свое начало с древних времен. В статье рассмотрены основные аспекты принципов развития учебно-воспитательного процесса в регионах Аулие-Ата. Так же религиозные течения в образовании и воспитании, конце XIX века и в начале XX веков обоснованы в регионе Аулие-Ата. Нечасто упоминающиеся первые ученые-просветители Аулие-атинского региона, а также основные особенности их позиций описаны в различных научных источниках. На научной основе проанализированы сведения о том, что мусульманская система образования, утвердившаяся до установления советской власти, в свою очередь прошла долгий путь развития и стала основой учебно-воспитательного процесса.

Ключевые слова: Тараз; регион; история; медресе и мечети; исламское образование; арабский язык; воспитательная работа; образование; школы; наука; культура; школы; мыслители; лекции; грамотность.

Features of educational work in Aulieata region before the beginning of the XX century

D.Baidaliyev¹, A.Duisenbayev¹, A.Akzholova¹

*¹Abai Kazakh National Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

The article is devoted to the history of pedagogy as an actual branch of pedagogical science. The Aulie-Ata region from the early epochs impresses with its culture, monuments of historical architecture, and is also known as a center of art and education. In this region, the development of education and science dates back to ancient times. The article comprehensively considers the main aspects of the principles of development of the educational process in the regions of Aulie-Ata. Also, religious trends in education and upbringing, at the end of the XIX th century and at the beginning of the XX th centuries, were justified in the Aulie-Ata region. Infrequently mentioned first scientists-enlighteners of the Aulie-Ata region, as well as the main features of their positions are described in various scientific sources. On a scientific basis, the information is analyzed that the Muslim education system, which was established before the establishment of Soviet power, in turn, went a long way of development and became the basis of the educational process.

Keywords: Taraz; region; history; madrasas and mosques; Islamic education; Arabic language; educational work; education; schools; science; culture; schools; thinkers; lectures; literacy.

Редакцияға 06.12.2021 қабылданды.